

БЕКІТЕМІН



«Роза Бағланова атындағы
«Қазақконцерт» мемлекеттік
академиялық концерттік ұйымы
РМҚК директоры

А. Абдуалиев

« 20 » - 107

2026 ж.

«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына келушілердің келу ережелері мен қағидалары

1. Жалпы ережелер

Осы ережелер «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» РМҚК (бұдан әрі – Кәсіпорын) көрермендердің Кәсіпорын аумағына кіру, іс-шара уақытында болу және шығу тәртібін айқындайды. Ережелердің мақсаты – көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау, іс-шараларды ұйымдасқан түрде өткізу және Кәсіпорын мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету. Ережелердің талаптары Кәсіпорын аумағына келетін барлық келушілер үшін міндетті болып табылады.

2. Келушілердің құқықтары

Келушілер:

- 2.1. осы Қағидалармен танысуға;
- 2.2. белгіленген тәртіппен билет немесе іс-шараға кіруге құқық беретін өзге де құжатты сатып алуға;
- 2.3. көрсетілетін қызметтердің мазмұны, репертуары, жас ерекшелігіне қойылатын талаптар, іс-шаралардың ауыстырылуы немесе кейінге қалдырылуы туралы толық әрі дұрыс ақпарат алуға;
- 2.4. билетте көрсетілген орынға сәйкес концерт залында орын алуға; дау туындаған жағдайда кезекші әкімшіге жүгінуге;
- 2.5. қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсетуге жүгінуге;
- 2.6. Кәсіпорын басшылығына телефон байланысы немесе өзге де қолжетімді байланыс құралдары арқылы шағымдануға.

3. Келушілердің міндеттері

Келушілер:

- 3.1. іс-шара басталғанға дейін кемінде 30 минут бұрын келуге;
- 3.2. бақылау кезінде билет немесе іс-шараға кіруге құқық беретін өзге құжатты көрсетуге;
- 3.3. билетте белгіленген жас ерекшелігі талаптарын сақтауға;

- 3.4. сыртқы киімін, бас киімін гардеробқа тапсыруға (қажет болған жағдайда);
- 3.5. қоғамдық тәртіпті, санитариялық және өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға;
- 3.6. Кәсіпорын қызметкерлерінің заңды талаптарын орындауға;
- 3.7. Кәсіпорын мүлкіне ұқыпты қарауға;
- 3.8. Кәсіпорын мүлкіне келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеуге;
- 3.9. өрт, түтін, күмәнді немесе қараусыз қалған заттар анықталған жағдайда, сондай-ақ медициналық көмек қажет болған кезде бұл туралы кезекші әкімшіге немесе қауіпсіздік қызметінің қызметкеріне дереу хабарлауға;
- 3.10. төтенше жағдайлар кезінде Кәсіпорын қызметкерлерінің нұсқауларын орындауға және эвакуациялау тәртібін сақтауға міндетті.
- 3.11. концерт залының есіктері үшінші қоңыраудан кейін жабылады. Іс-шара басталғаннан кейін кешігіп келген көрермендер оның билетінде партердегі орын көрсетілгеніне қарамастан, концерттің немесе қойылымның көркемдік тұтастығын бұзбау мақсатында партерге кіруге және билетте көрсетілген орнына отыруға рұқсат етілмейді, мұндай жағдайда көрермен кезекші әкімшінің немесе өзге де уәкілетті қызметкердің нұсқауымен үзіліс кезінде балкондағы немесе галереядағы бос орындарға ғана кіруге рұқсат етіледі, ал ондай орындар болмаған жағдайда үзіліске дейін күтуге міндетті; Іс-шара басталғаннан кейін 30 минут өткен соң Кәсіпорынның сыртқы есіктері толық жабылады.
- 3.12. іс-шара басталғанға дейін көрермендер ұялы телефондарын дыбыссыз режимге қоюға міндетті.
- 3.13. билет сатып алу кезінде көрермен міндетті түрде осы Ережелермен танысуы қажет.

4. Келушілерге тыйым салынады

Келушілер:

- 4.1. сырт киіммен, спорттық немесе лас киіммен, сондай-ақ қоғамдық әдеп пен мораль нормаларына қайшы келетін, шамадан тыс ашық немесе орынсыз киіммен Кәсіпорын аумағында болуға, сондай-ақ алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде келуге және болуға тыйым салынады.
- 4.2. балаларды қараусыз қалдыруға;
- 4.3. Іс-шара барысында ұялы телефондарды басқа көрермендерге немесе іс-шараның өтуіне кедергі келтіретіндей пайдалануға жол берілмейді.
- 4.4. іс-шара барысында өзгелерге кедергі келтіріп, зал ішінде еркін жүруге;
- 4.5. атыс, суық, газ қаруын, арнайы құралдарды, жарылғыш, тез тұтанатын, улы немесе өзге де қауіпті заттарды алып кіруге;
- 4.6. көлемді жүктерді, үлкен сөмкелерді немесе қауіпсіздікке қатер төндіретін заттарды алып кіруге;
- 4.7. арнайы белгіленген орындардан тыс жерлерде темекі өнімдерін, электрондық темекілерді немесе өзге де темекі өнімдерін пайдалануға;

- 4.8. алкогольдік ішімдіктерді ішуге;
 - 4.9. Кәсіпорын әкімшілігінің келісімінсіз Кәсіпорынның сыртқы аумағында және үй жайларында яғни ішкі аумағында сауда жасауға, жарнамалық немесе үгіт материалдарын таратуға;
 - 4.10. өртке қарсы жабдықтарды, авариялық шығу есіктерін немесе инженерлік жүйелерді негізсіз пайдалануға;
 - 4.11. іс-шара өткізілетін залға тамақ пен сусын алып кіруге (Кәсіпорын әкімшілігі рұқсат берген жағдайларды қоспағанда);
 - 4.12. Кәсіпорынның жазбаша рұқсатынсыз кәсіби фото-, бейне- немесе аудиожазба жүргізуге;
 - 4.13. қызметтік үй-жайларға, сахна сыртына немесе билетсіз концерт залына кіруге;
 - 4.14. өзге келушілерге немесе әртістерге кедергі келтіретін әрекеттер жасауға;
 - 4.15. қоғамдық тәртіпті бұзуға.
- Осы Қағидалардың талаптарын бұзған жағдайда Кәсіпорын әкімшілігі құқық бұзушылықтың сипатына қарай келушіні билет құнын қайтармай іс-шарадан немесе Кәсіпорын аумағынан шығаруға, сондай-ақ қажет болған жағдайда құқық қорғау органдарының қызметкерлерін шақыруға құқылы.

5. Өтініштерді қарау тәртібі

- 5.1. көрермендердің өтініштері, шағымдары және ұсыныстары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауызша, жазбаша немесе электрондық түрде қабылданады және қаралады.
- 5.2. өтініш бойынша қабылданған шешім туралы жауап өтініште көрсетілген байланыс деректері бойынша жіберіледі.

6. Билетке қойылатын талаптар

Билетте:

- 6.1. іс-шараның атауы;
- 6.2. өткізілетін күні мен уақыты;
- 6.3. өткізілетін орны;
- 6.4. секторы, қатары мен орны;
- 6.5. билет құны (болған жағдайда);
- 6.6. ұйымдастырушы туралы ақпарат көрсетіледі.

7. Гардеробты пайдалану тәртібі

- 7.1. гардероб іс-шара басталғанға дейін 1,5 сағат бұрын жұмысын бастайды.
- 7.2. гардеробқа тапсырылған сыртқы киімге нөмірлік жетон беріледі.
- 7.3. гардероб қызметкері гардеробқа қабылданған сыртқы киімнің сақталуына жауап береді.

- 7.4. ақша, зергерлік бұйымдар, бағалы заттар, құжаттар, ұялы телефондар, ноутбуктер және басқа да бағалы мүлік гардеробқа қабылданбайды.
- 7.5. нөмірлік жетон жоғалған жағдайда заттар жеке басын куәландыратын құжат ұсынылғаннан кейін және тиісті акт жасалған соң беріледі.
- 7.6. гардеробқа жарылғыш, тез тұтанатын, улы заттарды, газ баллондарын, химиялық заттарды, көлемі өте үлкен немесе қауіпсіздікке қатер төндіретін заттарды тапсыруға жол берілмейді.
- 7.7. нөмірлік жетонды басқа адамдарға беруге жол берілмейді.
- 7.8. гардеробта ұмыт қалған заттар Кәсіпорын белгілеген тәртіппен сақталады.

8. Қорытынды ережелер

- 8.1. осы Қағидалардың сақталуын Кәсіпорын әкімшілігі, қауіпсіздік қызметі және кезекші әкімшілер қамтамасыз етеді.
- 8.2. осы Қағидалар директордың бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.
- 8.3. осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар директордың бұйрығы негізінде енгізіледі.